



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ЕСЕП

мамандығы: 0902000 «электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)», біліктілігі:
090203 3 техник-электрик
мамандығы: 1118000 «тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары», біліктілігі:
111802 3 техник-механик
мамандығы: 0907000 «жылу техникалық жабдық және жылумен жабдықтау
жүйелері (түрлері бойынша)»,
біліктілігі: 090703 3 техник-жылу технигі
білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу стандарттары
талаптарына сай бағалау бойынша сыртқы эксперттік комиссия жұмысының
нәтижелері туралы

«ҚИНЭУ КОЛЛЕДЖІ» жеке мекемесі

2018 ж. «31» қазанынан «02» қарашасына дейін

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТИҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ
Сыртқы сараптау комиссиясы

*АРТА аккредиттелген
кеңесіне арналған*



Независимое агентство
аккредитации и рейтинга

**МАМАНДЫҒЫ: 0902000 «ЭЛЕКТРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ (САЛАЛАР
БОЙЫНША)», БІЛІКТІЛІГІ: 090203 3 ТЕХНИК-ЭЛЕКТРИК
МАМАНДЫҒЫ: 1118000 «ТАМАҚ ЖӘНЕ ЕТ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ӨНДІРІС
ЖАБДЫҚТАРЫ», БІЛІКТІЛІГІ: 111802 3 ТЕХНИК-МЕХАНИК
МАМАНДЫҒЫ: 0907000 «ЖЫЛУ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚ ЖӘНЕ ЖЫЛУМЕН
ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕЛЕРІ (ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША)»,
БІЛІКТІЛІГІ: 090703 3 ТЕХНИК-ЖЫЛУ ТЕХНИГІ
білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу стандарттары
талаптарына сай бағалау бойынша сыртқы эксперттік комиссия жұмысының
нәтижелері туралы
ЕСЕП**

«ҚИнЭУ КОЛЛЕДЖІ» жеке мекемесі
2018 ж. «31» қазанынан «02» қарашасына дейін

Қостанай қ. «02» қараша 2018 ж.

МАЗМҰНЫ

(I) БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ	
(II) КІРІСПЕ	6
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰСЫНЫЛУЫ.....	7
(IV) ССК САПАРЫН СИПАТТАУ	14
(V) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ.....	17
6.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты.....	17
6.2. «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандарты	21
6.3. «Оқытушылар құрамы және оқыту тиімділігі» стандарты.....	25
6.4. «Білім алушылар» стандарты	31
6.5. «Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда қолданылатын ресурстар» стандарты	37
6.6. «Жеке мамандықтар аясындағы стандарттары» стандарты	41
(VI) МЫҚТЫ ЖАҚТАРҒА ШОУ/ ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ	43
(VII) САПАНЫ ЖАҚСARTU БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАРҒА ШОЛУ	43
(VIII) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ДАМУ ТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАРҒА ШОЛУ	45
(IX) АККРЕДИТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСКЕ ҰСЫНЫМДАР	45
1 қосымша. «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ПРОФИЛЬДІҢ ПАРАМЕТРЛЕРІ» бағалау кестесі	45
2 қосымша. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНА САПАРДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ	45
3 қосымша. ОҚЫТУШЫЛАР САУАЛНАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ	45
4 қосымша. БІЛІМ АЛУШЫЛАР САУАЛНАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	45

арта



БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АК – алфавиттік каталог
АҚ – акционерлік қоғам
ӘБК – әкімшілік-басқару қызметкерлері
БП – базалық пән
БҚ – базалық құзырет
ІКБ – ішкі колледждік бақылау
ІНҚ – ішкі нормативтік құжат
ТЖ – тәрбие жұмысы
ЖОО – жоғары оқу орны
МАК – мемлекеттік аттестаттау комиссиясы
МБК - мемлекеттік біліктілік комиссия;
ҚР [МЖМБС](#) – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
БҒДМБ/ГПРОН – ҚР Президентінің 2016 жылдың 1 наурызында №205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға білім және ғылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасы
ММ – мемлекеттік мекеме
ЛН – лауазымдық нұсқаулық
БҰБП – білім ұйымы белгілейтін пән
ҚББТ – қашықтан білім беру технологиялары
ЖМП – жаратылыстану – математикалық пәндер
ТЖП – теміржол пәндері
АП – ақпараттық пәндер
АКТ – ақпараттық -коммуникациялық технологиялар
ЖК – жеке кәсіпкер
ИПҚ – инженерлік-педагогикалық қызметкерлер
АТ – ақпараттық технологиялар
АТО – ақпараттық-техникалық орталық
КААКЖ – қазақ автоматтандырылған ақпараттық-кітапханалық жүйесі
КВН/КТК – көңілділер мен тапқырлар клубы
ҚИнЭУ – Қостанайский инженерлік-экономикалық университет
ЛП – лингвистикалық пәндер
КАА – кітапханааралық абонемент
ҚР БЖҒМ - Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігі
ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігі
МББ – модульдік білім беру бағдарламалары
АЕК – айлық есептік көрсеткіш
ХС – халықаралық стандарт
МТБ – материалдық-техникалық база
МТБ – механикалық-технологиялық бөлім
ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы
БҒЗЖ/СҒЗЖ – білім алушы/студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы
ҒӘЖ – ғылыми-әдістемелік жұмыс
НҚА – нормативтік-құқықтық актілер
ҒӨҚ – ғылыми-өндірістік қызмет
ҒЖ – ғылыми жұмыс
ОЖӨБ – облыстық жасөспірім балалар кітапханасы
ББ – білім беру бағдарламасы
ОҒОК – облыстық ғылыми-оқу кітапханасы
ҚДДБ – кәсіби дайындық деңгейін бағалау
КҚ – кәсіби құзыреттер
ПОҚ – профессорлық-оқытушылық құрам

ПЦК – пәндік-циклдік комиссия
ҚР – Қазақстан Республикасы
ЖОЖ – жұмыс оқу жоспары
ПЖОЖ – пәндердің жұмыс оқу жоспары
АБА – анықтамалық-библиографиялық аппарат
ӘГП – әлеуметтік-гуманитарлық пәндер
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары
СМЖ – сапа менеджментінің жүйесі
ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ҚНЖЕ – құрылыс нормалары және ережелері
СҒҚ – студенттік ғылыми қоғам
БАӨЖ – білім алушылардың өздік жұмысы
СӨЖ – студенттердің өздік жұмысы
ҚР СТ – Қазақстан Республикасының стандарты
ТП – техникалық пәндер
ТжКББ – техникалық және кәсіптік білім беру
ТК – Техникалық комитет
ТБ – техникалық бөлім
ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ТОЖ – типтік оқу жоспары
ОТҚ – оқу-тәрбие қызметкерлері
ОТЖ – оқу-тәрбие жұмысы
ПОӘК – пәннің оқу-әдістемелік кешені
ОӘЖ – оқу және әдістемелік жұмыс
ОБ – оқу бағдарламасы
ОӨЖ – оқу-өндірістік жұмыс
ОЖ – оқу жұмысы
ОБ – оқу бөлімі
ДТ және АӘД – дене тәрбиесі және алғашқы әскери дайындық
ЖМ – жеке мекеме
ЖММ – жас маман мектебі
ОТМ – озық тәжірибе мектебі
ЭК – электронды кітапхана
ЭП – экономикалық пәндер

(I) КІРІСПЕ

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» ҒМ 29.10.2018жылғы № 89-19-ОД бұйрығына сәйкес «ҚИнЭУ колледжі» ЖМ-сінің АРТА мамандырылған аккредиттеу стандарттарына сай келесі мамандықтардың білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу жүргізілді: 0902000 «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)», біліктілігі: 090203 3 техник-электрик; 1118000 «Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары», біліктілігі: 111802 3 техник-механик; 0907000 «Жылу техникалық жабдық және жылумен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)», біліктілігі: 090703 3 техник-жылу технигі.

ССК есебінде білім беру ұйымының ұсынылған білім беру бағдарламаларының бағалауы АРТА критерийлеріне сәйкестігі, «ҚИнЭУ колледжі» ЖМ-сінің білім беру бағдарламаларын және білім беру бағдарламаларының профильдер параметрлерін әрі қарай жетілдіру бойынша ССК ұсынымдары бар.

«Колледж ҚИнЭУ колледжі» ЖМ ССК құрамы

1. **Комиссия төрағасы** – Уалханов Байжан Нурбаевич, «Кәсіпқор» Холдингі жаттықтырушысы, т.ғ.к. (Көкшетау қ.);
2. **Шетелдік сарапшы** – Соснин Вячеслав Викторович, «Союз» Орталығының директоры (Омбы қ., Ресей Федерациясы);
3. **Сарапшы**– Маликова Маржан Сабыровна, «Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі» МККК ОӘБ жөніндегі директор орынбасары (Алматы қ.);
4. **Сарапшы** – Коваль Марина Леонидовна, «Экономика, тамақ өндірісі технологиясы мен стандарттау колледжі» МККК оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі директор орынбасары (Астана қ.);
5. **Сарапшы** – Сенькин Павел Владимирович, «Машина жасау колледжі» КММ оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі директор орынбасары (Петропавл қ.);
6. **Сарапшы** – Исаков Сунгат Серикович, «Щучин қ. Жоғарғы колледжі» МККК энергетикалық пәндер және байланыс ӘБ меңгерушісі (Ақмола облысы);
7. **Сарапшы** – Абдрахманова Кадиша Тулегеновна, ПЦК төрайымы, «Жаяу Муса ат. Ақсу колледжі» КМКК арнайы пәндер оқытушысы (Павлодар облысы);
8. **Сарапшы** – Исаков Думан Сайлауханович, «Қарағанды жоғарғы политехникалық колледжі» КМКК т/ж пәндер ПЦК меңгерушісі (Қарағанды қ.);
9. **Агенттігінің бақылаушысы** – Бекенова Динара Каирбековна, АРТА ТжКБ ұйымын аккредиттеу бойынша жоба жетекшісі (Астана қ.);
10. **Жұмыс беруші** – Олкинян Людмила Юрьевна, «АгромашХолдинг» АҚ және «СарыаркаАвтоПром»ЖШС қызметкерлерді оқыту және дамыту Орталығының директоры (Қостанай қ.);
11. **Студент** – Лучин Анатолий Аркадьевич, «Қостанай автомобиль көлігі колледжі» КМКК 1402000 «Жол-көлік машиналарын техникалық пайдалану (түрлер бойынша)» мамандығының 2 курс студенті (Қостанай қ.).

(II) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰСЫНЫЛУЫ

«ҚИнЭУ колледжі» ЖМ заңды тұлға мәртебесі бар, кәсіби білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орны болып табылады.

Құрылтайшылардың жалпы жиналыс шешімімен Қостанай бизнес және басқару колледжі (заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы 29 тамыз 1996 жылғы №1108-1937-У-е, қайта тіркеуі 08 шілде 2004 жылғы №1108-1937-У-е куәлігі негізінде) құрылды. «Менеджмент» және «Экономика, бухгалтерлік есеп және аудит» мамандықтары бойынша қабылдау жүргізілді. Алғашқы бітіруші саны – 50 студент.

Құрылтайшылардың 11 қазан 2004 жылғы № 5 шешімімен Қостанай бизнес және басқару колледжінің аты «Қостанай техникалық-экономикалық колледж» мекемесі болып өзгертілді. Студенттердің дайындығы 7 мамандық бойынша жүргізілді.

Құрылтайшылардың 10.09.2007 жылғы жалпы жиналыс шешімімен Техникалық-экономикалық колледж М.Дулатов атындағы ҚИнЭУ-ге қосылып, университеттің құрылымдық бөлімшесі ретінде жұмыс істеді. 2011 жылы колледж мемлекеттік аттестаттау мен Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңға және біліктілік талаптарына сәйкестік тексерісінен ойдағыдай өтті.

«М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті» жеке мекемесі құрылтайшыларының 08.08.2016 жылғы жалпы жиналыс хаттамасымен «ҚИнЭУ колледжі» жеке мекемесін бөліп шығару арқылы «М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университетінің» қайта құрылуы өткізілді.

«ҚИнЭУ колледжі» ЖМ өз қызметін 12.08.2016 жылғы «ҚИнЭУ колледжі» жеке мекемесінің Жарғысы негізінде жүзеге асырады; заңды тұлғаның 17.08.2016 жылғы мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы (160840015399 бизнес- сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның аталуы: «ҚИнЭУ колледжі» жеке мекемесі, заңды тұлғаның орналасуы: Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Чернышевский көшесі, 59 үй).

«ҚИнЭУ колледжі» жеке мекемесінің қызметі колледж жарғысы мен ережесінде белгіленген мақсат пен міндетке сәйкес 17.10.2016 жылғы № KZ06LAA00007659 мемлекеттік лицензия негізінде жүзеге асырылады. Осы лицензия «М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті» жеке мекемесі құрылтайшыларының 08.08.2016 жылғы жалпы жиналыс хаттамасымен «ҚИнЭУ колледжі» жеке мекемесін бөліп шығару арқылы қайта құрылуына байланысты алынды.

Колледждегі оқыту күндізгі және сырттай оқыту түрінде, қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

1- кесте. Мамандықтар

№ п/п	Шифр	Мамандық және біліктіліктің аталуы	Оқыту мерзімі
1	0902000	«Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)»	
	090203 3	Техник-электрик	3 жыл 10 ай 2 жыл 10 ай
2	0907000	«Жылу техникалық жабдық және жылумен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)»	
	090703 3	Техник-жылу технигі	3 жыл 10 ай
3	1118000	«Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары (салалар бойынша)»	
	111802 3	Техник-механик	3 жыл 10 ай

0902000 «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)», біліктілігі: 090203 3 техник-электрик; 1118000 «тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары», біліктілігі: 111802 3 техник-механик; 0907000 «жылу техникалық жабдық және жылумен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)», біліктілігі: 090703 3 техник-жылу технигі білім беру бағдарламаларының қысқаша тарихы.

«ҚИНЭУ колледжі» ЖМ техникалық кәсіптік білім беру мамандарын дайындау және «колледж-ЖОО» үлгісі бойынша үздіксіз білім беруді жүзеге асыру мақсатымен құрылған. Бұл үлгі М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университетімен бірлесіп іске асырылуда. Колледж бітірушілері жоғары оқу орнына ұқсас мамандықтарға оқуға түседі. Колледж және университетте бір отбасынан оқитын балалардың әрбіріне 10% көлемінде оқуға жеңілдік жасалады.

Колледж студенттерінің автомобиль ісі бойынша оқып, көлік жүргізудің арнайы құқығын алуға, «1С-бухгалтерия», «ARTECH English» ағылшын тілі курстарын өтуге мүмкіндіктері бар.

Колледж педагогтері көшпелі курстар мен шетелдік орталықтарда: Франциядағы Севр СІЕР педагогикалық зерттеулердің халықаралық орталығы, Германияның Керпен қаласындағы Lucas-Nulle GmbH компаниясының оқу орталығы, Ресейдің Мәскеу, Белоруссияның Минск қалаларындағы «Оқытудың модульдік жүйесін дамытудың халықаралық орталығы». Біліктілікті арттыру түрлерінің бірі өнеркәсіптік кәсіпорындарда тағлымдамадан өту болып табылады.

2017-2018 оқу жылының 0907000 «Жылу техникалық жабдық және жылумен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)», «Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары (салалар бойынша)» мамандықтарына келген жаңа студенттер дуалды оқыту экспериментіне қатысуда. Экспериментке «Қостанай жылу энергетикалық компаниясы» МКК, «Торгтехника» ЖШС секілді әлеуметтік серіктестеріміз қатысты. Кәсіпорындар өкілдерімен мамандар даярлауға қойылатын талаптар мен олардың тілектері талқыланды. «ҚИНЭУ колледжі» ЖМ жоғары білікті педагогтер қызмет атқарады.

Колледж директоры Кадыров С.К. 2014 ж. жоғары кәсіби шеберлігі және Қазақстан Республикасы білім беру саласында еңбегі сіңіргені үшін «ҚР білім беру саласының құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталған, ҚР білім және ғылым министрлігінің алғыс хаттарымен, Қостанай облысы әкімінің құрметті грамоталарымен марапатталған.

Дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы Поликарпов С.Н. «Құрметті спорт қызметкері» төсбелгісімен марапатталған. Тарих пәнінің оқытушысы Кужахметова К.Ш. «Ы.Алтынсарин» белгісімен марапатталған, №00053 куәлігі, 11 қазан 2004 жылғы ҚР білім саласы қызметкерлерінің 3 съезд делегаты. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер оқытушысы Хусаинова Г.А. «ІМ органдарындағы мінсіз қызметі үшін» медалімен марапатталған.

Поликарпов С.Н. халықаралық класты спорт шебері, әлемнің төрт мәрте чемпионы, Дүниежүзілік ойындардың үш мәрте чемпионы, спорт ардагерлері арасындағы жеңіл атлетика бойынша 12 мәрте Азия чемпионы болып табылады. 1500, 5000, 10000 м қашықтықтағы М-50, М-55 жастық топтағы Азияның 4 рекордының иегері.

РФ Казань қаласында оқытушылар арасында тарих пәні бойынша өткізілген олимпиадада Исакова А.М. 3-орын алды. 2016 жылдың мамыр айында өткізілген Республикалық «Үздік педагог» байқауында Кайпбаева Ж.Ш. 1-орынды иеленді. 2015 жылы World Skills республикалық кезеңінің нәтижесі бойынша 2-орынға Тулегенов Е.Н. иеленді.

2-кесте. Колледж марапаттары

№	Марапаттар
1.	Колледж 2008 жылы Қостанай облысы білім басқармасының білім беру қызметінің рейтингтік бағалау қорытындысы бойынша «Шығармашылық және ізденіс» номинациясында мақтау қағазымен марапатталды;
2.	Республикалық «Бастапқы және орта кәсіптік білім беру мекемелеріндегі техникалық мамандыққа оқытудың үздік онлайн-үлгісі» байқауына белсенді қатысқаны үшін

	алғыс хат;
3.	Қазақстан колледждері арасында өткізілген ашық және еркін бағдарламалық қамтамасыздандыру, «IT –news, новостной портал» сайтының авторы Республикалық байқауының «Гран при» жүлдесі;
4.	ҚР Шағын ғылымдар академиясының (Павлодар бөлімшесі) ғылыми жобалар Республикалық байқауының жыл сайынғы жүлделі орындары;
5.	Тарих пәні бойынша оқытушылар арасындағы Халықаралық олимпиадада алынған жүлделі орындар, РФ Казань қ.,; қараша 2014 ж.
6.	Институционалды экономика бойынша оқытушылар арасындағы Халықаралық олимпиадада алынған жүлделі орындар, РФ Казань қ.,; қараша 2014 ж.
7.	Экономика бойынша студенттер арасындағы Халықаралық олимпиадада алынған жүлделі орындар, РФ Казань қ.,; қараша 2014 ж.
8.	Халықаралық «Магнит познания» атты студенттердің ғылыми жобалар байқауының лауреаты, РФ Чебоксары қ., 2012 и 2013 жж.
9.	II Бүкілресейлік «Ресейдегі интеллектуалдық шығармашылықты дәріптеу» шығармашылық жобасы аясындағы «Говорит и показывает ... Душа» жобасының Лауреаты; 2014 ж.
10.	I Халықаралық «Менің инновациялық сабағым» байқауында алынған жүлделі орындар; 2014 ж;
11.	IV Республикалық «Ұлағатты ұстаз» байқауында иеленген 2-орын. Оқу орнының мемлекеттік аттестаттаудан соңғы өтуі 2016 жылы өткізілді.

Жыл сайын колледжде студенттік ғылыми-тәжірибелік «Жас ғалым» конференциясы өткізіледі. Қатысушылар саны жыл сайын көбеюде.

Қостанай облысы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 2015-2016 оқу жылдары ғылыми-әдістемелік жұмысы мониторингінің қорытындысы бойынша колледж 36 колледж арасында 6 –орын алды.

Колледж оқытушылары кәсіби шеберлік байқауына сонымен қатар түрлі деңгейдегі Ғылыми – тәжірибелік конференцияларға ойдағыдай қатысады.

3 жыл бойы колледж өнеркәсіптік энергетика, жылу энергетикасы және азық-түлік өнеркәсібі мен Қазақстан салалары үшін кадрлар дайындайды, әсіресе, Солтүстік аймақ үшін 180 астам адам дайындайды.

Кәсіптік білім беру сапа менеджменті саясатындағы басым мәселелер ретінде оқу орнына өндірістік оқыту және жұмысқа орналастыру мәселелердің шешілуін қамтамасыз ететін әлеуметтік серіктестік болып табылады. Қала, облыс және оның шегіндегі «Атикоагро» ЖШС, «ҚЖЭК» МКК «Титан» ЖШС және басқа ұйымдармен серіктестік туралы ұзақ мерзімді келісімшарттар жасалған.

Кадрлық потенциал білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына сәйкес.

3 кесте. ИПҚ сандық және сапалық құрамы

мамандық	Оқу жылдары	Барлығы	Соның ішінде				
			Жоғары санат	Бірінші санат	Екінші санат	магистрлер	Ғылымдар Кандидаттары
1118000 «Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары»	2015-2016	34	12	9	4	4	2
	2016-2017	30	11	5	5	3	1
	2017-2018	27	6	9	6	2	1
0902000 «Электрмен қамтамасыз ету»	2015-2016	27	9	9	4	1	1
	2016-2017	24	7	6	3	4	-
	2017-2018	20	4	7	4	2	1

(салалар бойынша)»							
0907000 «Жылу техникалық жылу жабдықтары және жылумен қамтамасыз ету жүйелері (түрлері бойынша)»	2015-2016	29	12	8	4	2	2
	2016-2017	29	8	8	4	3	1
	2017-2018	27	7	9	7	3	-

Оқытушылар құрамының орташа жасы 52 жас құрайды.

1118000 «Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары» мамандығының ББ бойынша оқытушылар қызметін 16 оқытушы жүргізеді, оның ішінде 4 адамның жоғары санаты бар және 6 адам бірінші санатты, оның ішінде 1 адамның магистр дәрежесі бар. Сапалы құрамы 62,5 % құрайды.

0902000 «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)» мамандығының ББ бойынша оқытушылар қызметін 8 оқытушы жүргізеді, оның ішінде 1 адамның жоғары санаты бар және 3 адам бірінші санатты. Бірінші және жоғары санатты арнайы пәндер оқытушыларының сапалы құрамы 50 % құрайды, бұл біліктілік талаптарына сәйкес.

0907000 «Жылу техникалық жылу жабдықтары және жылумен қамтамасыз ету жүйелері (түрлері бойынша)» мамандығының ББ бойынша оқытушылар саны 26, оның ішінде 1 адам магистр, жоғары санатты 10 адам, бірінші санатты 5 адам, сапалы құрам 57,6 % құрайды.

Аккредиттелетін мамандықтар мен біліктіліктердың аясында контингентті қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізіледі: бітірушілердің базалық білім деңгейі бойынша (негізгі орта білім және жалпы орта білім), күндізгі оқу түрі, оқыту тілдері бойынша (қазақ және орыс).

4 кесте. 2015-2018 ж. мамандықтардың аясындағы контингент

Оқу жылы/Мамандық	2015-2016 оқу жылы	2016-2017 оқу жылы	2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы
0902000 «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)»	73/26	95/20	69/11	70
0907000 «Жылу техникалық жылу жабдықтары және жылумен қамтамасыз ету жүйелері (түрлері бойынша)»	76/3	95	92	45
1118000 «Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары»	88/	94/	93	96

2 кластер бойынша колледж бітірушілердің жұмысқа орналастыру 53% құрайды.

Білім беру бағдарламаларының мазмұны белсенді оқыту әдістеріне негізделеді, оның ішінде проблемалық-дамытушылық, зерттеу, оқыту процесін ұйымдастыруда ынталандыру және бақылау. Өздік оқу қызметін ұйымдастырудың қазіргі заманғы әдістері: оқыту жекелендіру, ми шабуыл әдістері, сондай-ақ инновациялық және ақпараттық технологияларды енгізу: технологиялар кейсі, ынтымақтастық технологиялары, ойын, жобаалар, проблемалық оқыту технологиялары, сын тұрғысынан ойлау технологиялары және басқалар. Соынмен бірге тәрбиелік инновациялық технологиялық пайдаланылады: топпен жұмыс технологиясы, ұжымдық шығармашылық іс технологиясы және т.б.

Мамандықтарына қызығушылығын, кәсіптік бағытталуын қалыптастыру мақсатында колледжде түрлі формадағы және мазмұндағы шаралар өткізіледі:

- пәндер бойынша конкурстар мен олимпиадалар,

- Ашық есік күндері,
- Темір жол музейіне бару
- WorldSkills Kazakhstan аймақтық чемпионаты,
- әлеуметтік серіктестермен дөңглек үстелдері,
- туған өлке тарихы бойынша интеллектуалды шаралар,
- әдебиеттен оқу бойынша конкурстар,
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» шағын бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы шаралар,
- колледждің спорттық секциялары,
- облыс мектебі оқушылары арасында кәсіби бағдар жұмысы,
- спорттық жарыстар,
- шебер - кластар.

Студенттер мен қызметкерлер қарайымдылық қызметіне қатысады. 2017 жылы Қостанай облысы ауданының бірінде су тасқыны болғанда оқу орнында жерлестердің дүлей апатынан зардап шеккендері үшін киімдер мен азық-түлік жинау штабы ұйымдастырылды.

Колледжде Облыстық қанды тапсыру ортылығымен бірге тілек білдірушілерден қанды алу акциясы өткізіліп тұрады. Мысалы, 2018 жылдың көктемінде «ҚИнЭУ колледжі» ЖМ-інен 40 адам қан тапсырды.

0902000 «электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)», 1118000 «тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары», 0907000 «жылу техникалық жабдық және жылумен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)» білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін негізгі құжаттары: типтік оқу жоспары, пәндер бойынша типтік оқу бағдарламалары, эксперименталды оқу жоспары, жұмыс оқу бағдарламалары, оқытушылардың перспективтік жоспарлары.

Осы барлық құжат түрлері ССК көріп шығуға ұсынылды. Даярлау бағдарламасы міндеттерді миссияға сай орындауға бағытталған және осы мақсатты қанағаттандыру үшін жеткілікті ресурстарға ие: кадрлық потенциал, материалды-техникалық база (жабдықталған кабинеттер, компьютерлік сыныптар, ТСО және басқалар), тәжірибе базаларымен шарттар, факультативтік пәндердің тізімі.

Педагогикалық ұжым 74 оқытушыдан тұрады, оның ішінде 7 магистр, жоғары және бірінші санатты - 42 адам.

«ҚИнЭУ колледжі» ЖМ ғимаратында жоба қуаты 5342,7 шаршы метр оқу корпусы, сондай-ақ 100 орынды жатақхана, 150 орынды асхана, 65 шаршы метр «Гараж» кафесі бар.

Колледждің барлық корпустары өрт сөндіру құралдарымен: өрт сөндіргіштермен, өрт сөндіру сигнализациясы мен хабарландыру жүйелерімен жабдықталған. Колледжде орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау ұйымдастырылған, канализация мен суағары бар. Колледждің жылыту жүйесі қаланың орталық жылумен жабдықтау жүйесіне қосылған.

Лицензияға сәйкес колледждің медициналық пункті келесі медициналық және дәрігерлік қызметтерін жүзеге асыруға құқылы: алғашқы (дәрігерге дейін) медицина-саниатарлы көмек.

Кітапхана және оқу залы кітапхананы жарақтандыру және жабдықтау бойынша талаптарына сай жабдықталған. Оқу залында қажетті ақпаратты тез жеткізу үшін Интернет бар.

Кітапхана жаңа копустың 4 қабатында орналасқан, оның жалпы көлемі 431,2 м2 құрайды.

Оқу дәрісхаларында 7 мультимедиялық проектор және 3 интерактивті тақта орнатылған. Колледжде 22 принтер және көпфункционалды құрылғылар жұмыс істейді.

Оқу орнында екі бөлім жұмыс істейді: күндізгі (механика-технологиялық бөлім, техникалық бөлім) және сырттай. Бөлімді меңгерушілер басқарады. Инженерлі-педагогикалық құрам жеті циклдік әдістемелік комиссия бойынша бөлінген, ұйымның оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережелерімен регламенттеледі.

Студенттердің психологиялық және әліметтік әл-ауқатын сақтауға бағытталған қызметін жүзеге асыру үшін колледжде педагог-психолог бірлігі енгізілген.

«ҚИнЭУ колледжі» ЖМ негізгі әлеуметтік серіктестері «Қостанай жылуэнергетикалық компания» МКК, «Торгтехника» ЖШС, «Атикоагро» ЖШС, «Титан» ЖШС, «Теплосеть-Холдинг» ЖШС, «Межрегионэнерготранзит» ЖШС, «ССГПО» АҚ, «MBF Group» ЖШС, «Қостанай-Энергетик» ЖШС болып табылады.

ССК жұмысы үшін барлық жағдайлар жасалды. Барлық қажетті ақпараттық ресурстарға қолжетімділік ұйымдастырылды.

Жоспарланған бағдарламалардың аясында ССК колледждің қызметін жақсарту бойынша алғашқы негізгі ұсынымдар, экспертиза нәтижелерін, колледж басшылығымен ұйымдастырылған кездесуде ұсынылды. Колледждің басшылығына соңғы кездесуде кейінгі процедуралар туралы түсінік берді.

Сапар аясындағы жоспарланған шаралар АРТА ССК мүшелеріне колледждің өзін-өзі бағалау бойынша есептерде көрсетілген деректерді мамандандырылған аккредиттеу стандарттары критерийлеріне тәуелсіз бағалау сәйкестігін жүргізуге мүмкіндік берді.

Кластердің білім беру бағдарламалары лицензиялық және біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Заңнамамен тағайындалған және колледждің өзін-өзі есептерінде сипатталған нормаларды ССК растады. Білім беру бағдарламаларының мазмұны және білім беру технологиялар нормативтерге сай, халықтың және жұмыс берушілерінің сұраныстарына бейімделген және өзгеріп тұратын жағдайларға сәйкес жанартылып тұрады.

(III) АККРЕДИТТЕУДІҢ АЛДЫҢҒЫ ПРОЦЕДУРАСЫН СИПАТТАУ

«ҚИнЭУ колледжі» жеке мекемесі тұңғыш рет 0902000 «әлектрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)», біліктілігі: 090203 3 техник-электрик; 1118000 «тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары», біліктілігі: 111802 3 техник-механик; 0907000 «жылу техникалық жабдық және жылумен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)», біліктілігі: 090703 3 техник-жылу технигі мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу процедурасын өткізуде.

(IV) ССК САПАРЫН СИПАТТАУ

ССК жұмысы Білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу бойынша 2018 жылғы 31 қазан мен 02 қараша аралығында «ҚИнЭУ колледжі» жеке мекемесіне Сараптау комиссиясының сапары бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды.

Колледждің барлық инфрақұрылымы және білім беру бағдарламалары сапасы туралы объективті ақпаратты алу үшін, өзін-өзі туралы есептердің мазмұнын нақтылау үшін кездесулер өткізілді: директормен, оқу, тәрбие және оқу-өндірістік жұмыстары, ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі директор орынбасарларымен, бас бухгалтермен, бухгалтер-экономистпен; сондай-ақ кадр бөлімі бастығымен, инфрақұрылымды дамыту және пайдалану бастығымен, кітапхана меңгерушісімен; педагог-психологпен; қабылдау комиссиясы жауапты хатшысымен; медбикемен; заңгермен.

Барлығы кездесуге 179 адам қатысты.

ССК жұмысын үйлестіру мақсатында колледжде белгіленген жиналыс өтті, оның барысында Комиссия мүшелері арасында өкілеттіктер бөлінді, сапардың кестесі нақтыланды, сараптама әдістерін таңдау мәселелерінде келісімге қол жеткізілді.

ССК мақсатты топтармен кездесуі сапардың нақтыланған бағдарламасына сәйкес, белгіленген уақыт аралығын сақтай отырып өтті. Ұжым тарапынан «ҚИнЭУ колледжі» жеке мекемесі сапар бағдарламасында көрсетілген барлық тұлғалардың қатысуы қамтамасыз етілді.

Колледждің барлық инфрақұрылымы және білім беру бағдарламалары сапасы туралы объективті ақпаратты алу үшін, өзін-өзі туралы есептердің мазмұнын нақтылау үшін кездесулер өткізілді: директормен, оқу, тәрбие және оқу-өндірістік жұмыстары, ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі директор орынбасарларымен, оқу бөлімі

меңгерушісімен, кадр бөлімі бастығымен, бас бухгалтермен, кітапхана меңгерушісімен, медбикемен, ПЦК төрайымдарымен, психологпен, қабылдау комиссиясы жауапты хатшысымен, оқытушылармен, өндірістік оқыту шеберлерімен, студенттермен, бітірушілермен, жұмыс берушілермен, әлеуметтік серіктестермен және студенттердің ата-аналарымен. Кездесулерге барлығы 179 адам қатысты

5 кесте. Кездесуге қатысқан қызметкер мен студенттер туралы мәліметтер:

<i>Қатысушылар санаты</i>	<i>саны</i>
Директор	1
Директор орынбасары	4
Бөлім меңгерушілері	2
Бас бухгалтер	1
Кадр бөлімі меңгерушісі	1
Инфрақұрылымды дамыту және пайдалану жөніндегі басқарма бастығы	1
Бухгалтер-экономист	1
ПЦК төрайымдары	7
Оқытушылар және өндірістік оқыту шеберлері	32
Қызметкерлері	7
Студенттер	67
Бітірушілер	16
Жұмыс берушілер, әлеуметтік серіктестер	12
Студенттердің ата-аналары	27
Барлығы	179

ССК жұмыс барысында колледждің инфрақұрылымын көзбен шолып қарау жүргізілді: оқу аудиториялары, компьютерлік сыныптар, кітапхана, оқу залы, акт залы, спорт залы, жатақхана, медициналық пункт, асхана және т. б.

Сондай-ақ аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын циклдік комиссиялардың, бөлімдердің құжаттамасы зерттелді. Аккредиттелетін бағдарламаларының тәжірибе базалары көрсетілді («Қостанай жылуэнергетикалық компаниясы» ЖШС, «Титан» ЖШС, қала желісі).

Жоғары көрсетілген кәсіпорындарға барған кезде сарапшылар материалды-техникалық базамен танысты:

1) («Қостанай қ. әкімдігінің Қостанай жылуэнергетикалық компаниясы» МКК Орталық ТЭЦ, Ұйымда 0907000 «Жылу техникалық жылу жабдықтары және жылумен қамтамасыз ету жүйелері (түрлері бойынша)» мамандығы бойынша студенттер тәжірибені өтеді. Өндірістік тәжірибе орындарына барған кезде 4 курс студенті болды. Тәжірибенің жетекшісі Беков Сергей Рашидович – ПТО инженері. Студенттер тәжірибе кезінде қазандық машинисі Песца Андрея Александровичтің жетекшілігімен қазандықты басқару қалқанында жұмыс істеп жатты. ТЭЦ бас инженері Нагорный Константин Николаевич практиканттардың жақсы дайындығын атап кетті.

2) «Титан» ЖШС. 0907000 «Жылу техникалық жылу жабдықтары және жылумен қамтамасыз ету жүйелері (түрлері бойынша)» мамандығы бойынша ЗТОиСТ-4Б тобының 3 курс студенттері тәжірибені өтіп жатты. «Титан» ЖШС директор орынбасары Дарбаев Алатай Шағатаевич колледжбен ынтымақтастық туралы айтып берді, практиканттың жұмыс орнымен таныстырды.

3) Қостанай қалалық электржелісі. Бас инженер Аманжулов Дидар Нуртасович 0902000 «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)» мамандығы бойынша оқу және өндірістік тәжірибені өту тәртібін түсіндірді. Электржелісі қызметі туралы айтып берді, сондай-ақ жетекші мамандармен шебер-кластарды бірлесіп өткізуге ұсынды.

4) «Баян-Сулу» АҚ. Кәсіпорын бойынша экскурсияны екінші бисквитті цехының технологу Таснарук Ирина өткізді, онда 1118000 «Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары» мамандығы бойынша 2016 жылдың бітірушілері Чабан Максиммен кездесу

өтті. Ол осы кәсіпорында слесарь болып жұмыс істейді.

Студенттерді теориялық даярлау деңгейін бағалау үшін ССК сарапшылары оқу сабақтарына қатысты.

6 кесте. Сабақтарға қатысу.

Күні	Топ	Пән	Оқытушының аты-жөні, санаты	Сабақтың тақырыбы	Сабақтың түрі
02.11.2 018 ж	3P-14Б	Жылу жабдықтары	Яковлева Н.М., I санат	Тамақ пісіретін қазандықтар	тәжірибелік, студенттерді негізгі қазандықтар бойынша білімдерін қалыптастыру, схемаларды жасау және жұмыс дағдыларын бекіту.
02.11.2 018 ж	2Т0иСТ-5Б	ПМ-05 Қазандық және шаңды дайындайтын цехтардың негізгі және қосымша жабдықтарының қиын емес тораптар мен механизмдерін жөндеу (Қазандық жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу)	Солонская Б.В., II санат	Ауаны жылытқыштарды, айналатын механизмдерді жөндеу	теоретиялық, айналатын механизмдердің әдістері мен құралдарын зерттеу, соңғы және аралық нәтижелерді салыстыра алу, жалпылай алу
02.11.2 018 ж	3P-14Б	Электржабдықтар және электрқауіпсіздік	Шиндавлетов А.С.	Басқару электроаппаратурасы және қорғау	теоретиялық, стендтерді қолданып түсіндіру және ажыратқыштардың, сөндіргіштердің құрылыстарын талдай алу
02.11.2 018 ж	3Э-18Б	Өнеркәсіптік кәсіпорындардың электрмен жабдыкталуы	Шиндавлетов А.С.	Конденсаторлардың батареяларын типін және орнату орнын таңдаумен КУ қуаттылығын есептеу	тәжірибелік
02.11.2 018 ж	3Э-18Б	Электрлік желілердің электрлік жабдықтарды пайдалану, жөндеу және баптау	Классен Ю.В.	Электрлік қосымша станцияларды ЭО баптау	теоретиялық

Сабақтарға қатысуды талдау жақсы сапалы оқытушылар құрамы, жеткілікті теориялық оқыту деңгейі туралы дәлелдейді. Сабақтарда оқытушылар қазіргі заманғы оқыту технологияларын қолданады. Жүйелі түрде біліктіліктерін арттырып тұрады. Колледждің оқытушылар құрамы қызметін талдау колледждің ұжымы сапалы дамытуын арттыруға талпынуы туралы дәлелдейді.

(V) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

6.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты

- ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарын әзірлеуін, оның мүдделі тұлғалар, білім алушылар мен мемлекеттің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталғанын көрсетеді.
- ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарының қолда бар ресурстарға, еңбек нарығының қажеттілігіне және ҚР білім беру саясатына адекваттығын қамтамасыз етуі қажет.
- ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын қалыптастыруға мүдделі топтардың өкілдерін, соның ішінде білім алушыларды, педагогикалық ұжымды және жұмыс берушілерді тартуы қажет.
- ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын қалыптастыру үдерістерінің айқындығын көрсетеді. ТжКБ ұйымы мүдделі тұлғалардың ББ даму жоспарының мазмұны және оны қалыптастыру үдерістері жөнінде хабардар болуын қамтамасыз етеді.
- ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын қалыптастыру мен тұрақты түрде қайта қараудың және оны іске асырудағы мониторинг жүйесінің тетіктерін анықтауы тиіс.
- ТжКБ ұйымы ББ-ны жүзеге асыру туралы ақпаратты жүйелі түрде жинақтайды және талдайды, барлық бағыттар бойынша өзін-өзі бағалау жүргізеді, ББ даму жоспарын құрастырып, қайта қарастырады.
- ББ даму жоспары барлық мүдделі жақтар өкілдерінің қатысуымен ашық талқылаудан өтіп, берілген ұсыныстар мен түзетулер негізінде ТжКБ ұйымының өкілетті алқалы органы жобаға өзгертулер енгізеді.
 - ТжКБ ұйымы ББ қаржыландыру жүйесінің орнықтылық, тиімділік, нәтижелілік, басымдылық, ашықтық, жауапкершілік, өкілеттікті табыстау, шектеу және дербестік қағидаларының іске асыру дәрежесін көрсетеді.
 - ББ-ны басқару
 - үдеріс арқылы қызметті (іс-әрекетті) басқаруды
 - жоспарлау, дамыту және үнемі жақсарту тетіктерін
 - мониторингті, соның ішінде жоспарларды жүзеге асыру мен қызмет ету динамикасын анықтауға мүмкіндік беретін есеп беру үдерістерін құру
 - өзгерістердің тиімділігін талдауды
 - бөлімшелер қызметінің нәтижелігі мен тиімділігін және олардың өзара қарым-қатынастарын бағалауды қамтуы тиіс.
 - ТжКБ ұйымында білім беру бағдарламасының іске асыру регламентін белгілейтін барлық негізгі бизнес-үдерістер құжаттандырылуы қажет
 - ТжКБ ұйымы осы үдерістің регламентін белгілейтін құжаттар мен білім беру бағдарламалардың мониторингін және мезгілдік пікір беруін (қайта қарау) бекіту тәртібін көрсетуі керек
 - ТжКБ ұйымы білім алушыларға, қызметкерлерге, мүдделі тұлғаларға бағытталған хабарландыру мен кері байланыс жүйесінің болуын және тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуі тиіс
 - ББ басшылығы ББ-ның сапасын қамтамасыз ету жүйесінің табысты қызмет етуін көрсетуі керек, оның ішіне жобалау, басқару және мониторинг, олардың жақсаруы, фактілер негізінде шешімдерді қабылдау кіреді
 - ББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқару жүйесінің ашықтығын дәлелдеп көрсетуі міндетті
 - ТжКБ ұйымы ББ басқару үдерістерінде статистиканы жинақтау және талдау жүйесінің бар болуын және қарқынды қолдануын дәлелдеп көрсетуі міндетті
 - ББ басшылығы оқытушылардың, қызметкерлердің, білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін өлшеуді қамтамасыз етіп, өлшем үдерістері аясында табылған кемшіліктерді жойғанын көрсетуі міндетті
 - ББ басшылығы білім алушыларға, оқытушыларға, ата-аналарға қолжетімділігі мен ашықтығын дәлелдеп көрсетуі міндетті

Дәлелдеу бөлігі

Колледж қызметінің стратегиялық білім беру түрлері колледждің жоспарлы, есептілік және нормативті құжаттарында көрсетіледі.

0902000 «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)», 1118000 «Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары», 0907000 «Жылу техникалық жабдық және жылумен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)» аккредиттелетін мамандықтары бойынша әзірленген және құжатталған процедуралардың негізінде білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша өз қызметі сапасын жетілдіру мақсатында жоспарлауды, жүзеге асыруды, бақылауды және бағалауды (мониторинг) талдауды жүргізеді. Мониторингке оқу-өндірістік қызметінің барлық түрлері, оның ішінде экскурсия, зертханалық жұмыстар, тәжірибелік сабақтар кіреді.

ББ негізгі бағыттарын ұзақ мерзімді жоспарлау, болжамдау, басқару және жүзеге асыру колледждің Стратегиялық даму жоспары, перспективтік жоспарын әзірлеу, бекіту және орындау арқылы жүзеге асырылады. Қысқа мерзімді жоспарлауға кіреді: ОТЖ жоспарлары, ПЦК, ЖОЖ жоспарлары, жұмыс оқу бағдарламалары, оқытушылардың жеке жоспарлары, сабақ жоспарлары.

Жалпы құзыреттерді игеруге кіреді: жалпы білімділік, әлеуметтік-этикалық құзыреттер, экономикалық және ұйымдық-басқарушылық құзыреттер; білім деңгейіне сәйкес әлеуметтік, экономикалық, кәсіптік рөлдерін орындауға, жағрафиялық және әлеуметтік ұтқырлыққа дайындық.

Әлеуметтік құзыреттерді білім алушылар арнайы пәндерді меңгеруде, курстық жобаларды қорғауда, оқу, кәсіптік және диплом алды тәжірибелерінде алады.

Аккредиттелетін ББ мазмұны ТжКБ аясындағы МЖМБС және басқа ҚР НҚА және колледж миссиясына және жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне жауап беретін мамандарды жеткілікті сапалы даярлауға кепілдік береді.

ББ мамандықтарын даму жоспарлары барлық мүдделі тараптардың өкілдерімен жария талқыланады, анықталған кемшіліктерді, ескерулерді және ұсыныстарды ескере отырып түзеледі. Колледжегі басқару жүйесі алқалылық және ашықтық принциптерін сақтауға бағытталған. Жоғарғы басқару органы Педагогикалық кеңес болып табылады.

Колледждің барлық процедуралары мен процестері білім сапасын қолдау және даму деңгейіне бағытталған.

ИПҚ, студенттердің қанағаттанарлық дәрежесі социологиялық мониторингі барысында анықталады. Мониторинг белгіленген талаптарына сай ұйымдастырылып өткізіледі. Колледжде сауалнама оқытушылардың кәсіби қызметінің сапасы туралы, басқарушылық қызметі сапасы туралы және басқа маңызды білім беру процесінің сұрақтары туралы пікірлерін анықтау мақсатында студенттердің, бітірушілердің, жұмыс берушілердің және ИПҚ арасында өткізіледі.

Сауалнама нәтижелері оқытушылардың, студенттердің және т.б. жеке рейтингтерінің түрінде рәсімделеді, барлық мүдделі тұлғаларға жеткізіледі, ПЦК және ӘК отырыстарында талқыланады.

АРТА ССК сапарын кезінде өткізілген оқытушылардың сауалнамасы басқарушылық және стратегиялық шешімдерді қабылдау барасына тарту төмен (~35%) екендігін көрсетті. Білім беру процесіне жас мамандарды ынталандыру және тарту деңгейі сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көп құрайды. Иновациялық қызметті мадақтау және еңбекақы деңгейімен аз ғана қанағаттандырылды.

ССК директромен, директор орынбасарларымен, бөлім меңгерушілерімен, циклдік комиссия меңгерушілерімен, құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерімен, студенттермен, педагогикалық ұжыммен, жұмыс берушілердің ұйымы өкілдерімен және бітірушілермен кездесулер, әңгімелеу және интервью өткізіп, сондай-ақ студенттер мен оқытушылармен сауалнаманы жүзеге асырып, колледждің оқу инфрақұрылымымен, материалды-техникалық және ақпараттық-әдістемелік ресурстарымен жан-жақты танысты.

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша жұмысты талдап, білім беру бағдарламасын жүзеге асыру табыстылығы біріншіден білім беру бағдарламасын даму мақсаты мен жоспарын жоспарлы, бағыттамалы және тиімді жүзеге асыру негізінде анықталатын көрсетеді, сол себептен барлық мүдделі тұлғалар үшін айтарлықтай ашық және қолжетімді болуы тиіс.

ССК оқу орны қызметінде мынадай факторды көруге болады:

- Білім беру даму жоспары оның мүдделі тұлғалар, студенттер мен мемлекеттің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталғанын
- ББ даму жоспарының қолда бар ресурстарға, еңбек нарығының қажеттілігіне және ҚР білім беру саясатына адекваттығын бар болуын.

ССК оқу орнында:

- ББ басқаруда тиімділікті жеткіліксіз талдау;

- Педагогикалық ұжымның, қызметкерлердің және білім алушылардың қажеттіліктеріне қанағаттандыру дәлелдері жеткілісіз ұсынылғандығын көрсетті.

ССК ұсынымдары

Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша колледждің қызметін әрі қарай даму және жетілдіру мақсатында АРТА ССК ұсыныс береді:

- Мониторингті қамтамасыз ету, оған қызмет динамикасын анықтай алатын және жоспарларды жүзеге асыра алатын есептілік процесін жасау кіреді;
- Оқытушылардың, қызметкерлердің, білім алушылардың және жұмыс берушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыру нәтижелерін зерттеу және талдау негізінде ұйым қызметін үнемі арттырып тұратын механизмін енгізу (оқытушылар мен қызметкерлерге сыйлықақы беру жүйесін, барлық санаттар үшін түрлі мадақтауларды енгізу);
- ББ басқаруда тиімділікті және сапа менеджментінің ішкі жүйесінің процедураларын талдауды қамтамасыз ету;
- Аттестациялық емтихандық комиссия құрамын кәсіпорынның біліктілікті мамандар мен алқалық органдардың өкілдерінен қалыптастыру: 65% жұмыс берушілердің өкілдері және 35% техникалық және кәсіптік білім ұйымдарының өкілдері;
- Кадрларды іріктеуде базалық білімдерін ескеріп қамтамасыз ету.

ССК осы стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилінің мықты жағы -1, қанағаттанарлық-15 және 6- жақсартуға болжамдалатын жақтары бар екендігін көрсетеді.

6.2. «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандарты

- ТжКБ ұйымы білімді, икемділікті, дағдыларды, базалық және кәсіптік құзыреттілігін, жеке қасиеттер кіретін білім беру бағдарламасы бітірушілердің әзірленген үлгілерінің (моделдерінің) бар болуын көрсетуі керек.
- ТжКБ ұйымы білім беру бағдарламасын әзірлеуде және олардың сапасын қамтамасыз етуінде педагогикалық ұжым мен жұмыс берушілердің қатысуын дәлелдеуге міндетті.
- ТжКБ ұйымы оқу пәндерінің өзара байланыс қисынын, көлемін және мазмұнын анықтауы, сондай-ақ, бітірушілердің базалық және кәсіптік құзіреттілігінің қалыптасуына пәндер мен кәсіби тәжірибенің ықпалын көрсетуі міндетті.
- ББ басшылығы оқу пәндерінің мазмұнында кәсіби контексттің бар болуын көрсетуі керек.
- ББ басшылығы теориялық және тәжірибелік- бағытталған пәндердің арасындағы тиімді тепе-теңдіктің бар болуын көрсетуі керек.
- Пәндердің тізімі мен мазмұны білім алушыларға қолжетімді болу тиіс. Пәндер оқытылып жатқан саладағы әлемдік күн тәртібіндегі барлық сұрақтарға, мәселелерге толық жауап беруі керек.
- Оқу бағдарламасының құрылымында білім алушылардың өзіндік ерекшеліктеріне қарай базалық және кәсіптік құзіреттілігінің дамуына мүмкіндік тудыратын түрлі қызметтердің мазмұндары ескерілу керек.
- Жұмыс берушілердің мүдделерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын жаңарту маңызды фактор болып табылады.

Бағалау өлшемдері: ББ дараландыру

- ББ басшылығы оқу тіліне қарамай, білім алушыларға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі қажет.
- ББ басшылығы білім беру үдерісінің мәселелеріне қатысты білім алушыларға кеңес беру және жекелеген көмек көрсету жүйесінің бар болуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуі қажет.
- Басшылық ББ тиімді меңгеруге жағдай жасайды.
- ББ басшылығы ББ-ны іске асыру барысында білім алушылардың артықшылықтарын, жеке ерекшеліктерін, қажеттіктері мен мәдени тәжірибесін қолдануын көрсетуі керек.
- ББ басшылығы ББ-ны іске асыру барысында білім алушыларға жекелеген қолдау беретінін көрсетуі керек.
- ББ басшылығы білім алушылардың жетістіктерін мониторингтен өткізу жүйесінің болуын дәлелдеуі қажет.

Бағалау өлшемдері: білім алушылардың нәтижелерін бағалау

- ББ басшылығы білім алушылардың оқыту нәтижелерін объективті, нақты, толық бағалау тетігінің бар болуын және тиімді қызмет жасауын қамтамасыз етуі қажет.
- ББ басшылығы білім деңгейін бағалаудың және білім алушылардың базалық және кәсіптік құзыреттілігінің қалыптасу дәрежесінің әділдігін, олардың бағалау тетіктері мен құралдарының баламалығын және ашықтығын қамтамасыз етуі қажет.
- ББ басшылығы білім алушылардың білім, білік және дағдылары деңгейін бағалау рәсімдерінің жоспарланған оқу нәтижелеріне және бағдарламаның мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.
- ББ басшылығы оқу пәндерін зерттеу мен курс бойынша оқытудың басында білім алушылардың білімін, дағдыларын диагностикадан өткізуі тиіс.
- Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдері мен үдерісі ашық болуы керек.
- ББ басшылығы білім алушыларда келесі білім беру деңгейлерінде оқуларын жалғастыру үшін қажет дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс

Бағалау өлшемдері: оқыту әдістемесі

- ББ басшылығы жүйелі дамытуды, оқытудың белсенді әдістері мен сабақ берудің инновациялық әдістерін енгізуі мен тиімділігін қамтамасыз етуі керек.
- ББ-ны іске асыру барысында білім алушының өзіндік жұмысына мониторинг жүргізілуі тиіс.
- ББ басшылығы білім алушыларға мамандық/біліктілік бойынша тәжірибеден өту мүмкіндігін қамтамасыз етіп, тәжірибеден өту орындарына және жұмыс берушілерге қатысты білім алушылар мен кәсіпорын басшыларының қанағаттанушылық мониторингін өткізуі.
- ББ басшылығы білім беру үдерісіне оқытушылардың тәжірибелік жетістіктерінің нәтижелерін енгізуді қамтамасыз етуі керек.

Дәлелдеу бөлігі

Жұмыс тобы тәжірибелік зертханалық және тәжірибелік сабақтарды ескере отырып, оқытуға енгізілген өзгерістерге байланысты оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларының мазмұндарын жетілдіру бойынша талдау жүргізіп, жалпы оқу уақытының көлемінен 60% құрады.

2017-2018 оқу жылында 0902000 «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)», 1118000 «Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары», 0907000 «Жылу техникалық жабдық және жылумен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)» мамандықтарына оқуға түскен топтары дуалды оқыту бойынша экспериментке қатысады. Экспериментке біздің әлеуметтік серістестер қатысты: «Қостанай жылуэнергетикалық компаниясы» МКК, «Торгтехника» ЖШС. Кәсіпорындардың өкілдерімен мамандарды даярлауға қойылатын талаптары мен өтініштері талқыланды.

2017 ж. 5 қыркүйектегі №467 Білім басқармасы бұйрығы негізінде колледжде 0902000 «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)», 1118000 «Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары», 0907000 «Жылу техникалық жабдық және жылумен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)» мамандықтары бойынша құзыреттілікті тәсілге негізделген модульді білім беру бағдарламаларын енгізу бойынша эксперименталды алаңша жұмыс істейді. Жұмыс бағдарламасы бойынша екі модуль апробацияланды. (Тураров А.Р. «Техникалық құжаттаманы әзірлеу, сызулар мен схемаларды рәсімдеу және құру», Бектасова А.А. «Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу») Модульді жұмыс бағдарламаларын, перспективті-тақырыптық жоспарлау педкеңесте, әдістемелік кеңесте талқыланды.

Кәсіптік құзыреттерді қалыптастыру позициясынан ең маңызды кезеңі талаптарды талдау және маркетингтік зерттеулер (ҚР МЖСТ және жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес кәсіптік құзыреттерді анықтау, бітірушілер моделінің болуы) болып табылады. Білім беру бағдарламасы бітірушілерінің әрбір моделіне білімдер, біліктер, дағдылар, құзыреттер, жеке қасиеттері кіреді. Білім беру бағдарламасын аяқтаған кезде алатын біліктілік бітірушілер моделінде анықталып белгіленген. Бітірушілер моделі құрылып оқу орнына түскен бітірушілерге жеткізіледі. Сонымен қатар еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарының өзгерістеріне сәйкес үнемі түзетіліп тұрады.

Білім алушылармен жеке жұмыс істеу шеңберінде және оқу материалын сапалы игеру үшін оқытушылармен қосымша кеңестер өткізіледі.

Тапсырмаларды орындау кезінде бағалау критерийлері мен өздерінің жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім алушылар оң нәтижені алу үшін тапсырмаларды орындаудың қажетті көлемін анықтай алады. Мамандарды даярлау кезінде оқытушылар оқытуда жеке дайындалуға көңіл бөлінеді, себебі қазіргі кезде бүкіл әлем бойынша техникалық және кәсіптік білім жүйесі өндіріс үшін кадрларды даярлауда тәсілдердің кең алуан түрлілігімен сипатталады.

Аккредиттелетін ББ жүзеге асыру кезінде дипломдық жобаларды (жұмыстарды) рецензиялауға орта деңгейдегі басшылар мен даярлау бағыты бойынша өндірістен жетекші мамандар тартылады.

АРТА ССК сапары кезінде өткізілген білім алушылардың сауалнамасы мыналарды көрсетті:

- басшылықтың қолжетімділігі мен қайырымдылығы жоғары -88,4%;
- жеке мәселелер бойынша кеңес беру үшін қолжетімділігі - 71%;
- колледждің оқу ресурстарымен қанағаттандыру деңгейі - 87% деп бағаланды.

«Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандарты бойынша жұмысты талдай келе біліктілікті мамандарды кәсіби даярлау білім деңгейінің біліктілікті шеңберіне және еңбек нарығы қажеттілігінің талаптарына сай келетін сапалы білім беру бағдарламаларына байланысты екендігін көрсетті.

Оқу модулін сипаттау негізінде модульді бағдарламалар әзірленді, қызметкердің міндеттері мен еңбек қызметтерінің өзара байланысы өзгешілігі болып табылады. Мазмұнын әзірлеу кезінде диагностикалық мақсатты тұжырымдау жүйесі пайдаланды. Теориялық материалдың жартысының көбісі тәжірибелік сабақтарда игерілсе, білім алушылардың өндірістік тәжірибесіне ерекше көңіл бөлінеді.

ССК осы стандарт бойынша оқу орнында келесі позицияларға ерекше көңіл бөлінеді:

- білімді, икемділікті, дағдыларды, базалық және кәсіптік құзыреттілігін, жеке қасиеттер кіретін білім беру бағдарламасы бітірушілерінің моделін әзірлеу;
- ББ бағдарламасын әзірлеуде және олардың сапасын қамтамасыз етуіне педагогикалық ұжым мен жұмыс берушілердің қатысуы;
- оқу пәндерінің мазмұнында кәсіби контексттің бар болуы;
- теориялық және тәжірибелік-бағытталған пәндердің арасындағы тиімді тепе-теңдіктің бар болуы;
- білім алушылардың өзіндік ерекшеліктеріне қарай базалық және кәсіптік құзіреттерін дамуына мүмкіндік тудыратын түрлі қызметтер;
- білім беру процесі мәселелері бойынша білім алушыларға жеке көмек көрсетудің және кеңес беру жүйесінің болуы және тиімді жұмыс істеуі

ССК ұсынымдары

Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша колледждің қызметін әрі қарай даму және жетілдіру мақсатында АРТА ССК **ұсыныс береді:**

- білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін білім алушылардың өздік жұмысы мониторингін өткізу;
- белсенді оқыту әдістері мен инновациялық әдістерін енгізу және дамыту;
- ББ шеңберінде арнайы пәндер бойынша үйірме жұмысын енгізу;
- ББ шеңберінде теориялық оқытуды өткізу үшін оқытушылар-практиктердің үлесін арттыру, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын әзірлеуде сапасын жақсарту мақсатында жұмыс берушілер мін мүдделі тұлғаларды әзірлеуге тарту;
- Кәсіпорындарда инновациялық жұмыс технологиясын есепке алып, курстық және дипломдық жобалардың тақырыптарын жандандыру;
- Колледждің білім беру бағдарламасын ТЖКБ қабылданған миссиясымен, көрінісімен үйлестіру және келісу (кәсіркерлік құқық, авторлық құқық, шешендік іс, логистика т.б. пәндерін енгізу)

ССК осы стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилінің 5 мықты жағы, 9 қанағаттанарлық жақғы бар екендігін көрсетеді.

6.3. «Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі» стандарты

- ББ басшылығы білім беру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында іскерлерді тартып, олармен оқылатын пәндердің үлесін анықтау керек.
- ББ басшылығы білім беру үдерісінде инновацияларды үнемі қолданылуын педагогикалық ұжымға ынталандыруы тиіс.
- ББ басшылығы педагогикалық ұжымның кадрлық әлеуетінің білім беру бағдарламасының стратегиясы мен ерекшелігіне сәйкестігін көрсетуі керек.
- ББ басшылығы педагогикалық ұжым туралы мәліметтердің қоғам үшін қолжетімдігін көрсетуі керек.
- ББ басшылығы педагогикалық ұжым қызметінің мониторингін, педагогтар құзыреттілігін жүйелі түрде бағалауды, сабақ беру сапасын кешенді бағалауды қамтамасыз етуі керек. Педагогтардың жұмыс жүктемесі әр түрлі қызмет түрлерін қамтуы тиіс.
- ББ басшылығы жоспарланған жүктеменің барлық түрлерінің педагогтармен орындалуының дәлелін көрсетуі керек.
- ББ басшылығы жас педагогтарды дамытуы бойынша мақсатты әрекеттерді қамтамасыз етуі керек.
- ББ басшылығы педагогтар мен қызметкерлердің кәсіптік және жеке дамытуды ынталандыру тетіктерін көрсетуі керек.
- ББ басшылығы педагогикалық ұжым қанағаттанушылығының мониторингін қамтамасыз етуі керек.
- ББ басшылығы педагогикалық ұжымның АТ- құзыреттілігін, инновациялық әдістер мен оқу формаларының қолдануын көрсетуі керек.
- Педагогикалық ұжымның қоғам өміріне қатысуы маңызды фактор болып табылады.

Дәлелдеу бөлігі

Кадрлық саясат колледждің Стратегиялық дамуының негізгі басымдылығына сәйкес жүзеге асырылады, адами ресурстарымен жұмыс саласында қазіргі тұжырымдарға сәйкес келеді.

Рекрутинг жүйесі негізінде кадрларды іріктеу келесі тәртіпте жүзеге асырылады: ИПҚ штаттық кестесі қалыптастырады, ББ бойынша білім алушыларды даярлау үшін бос орындардың саны анықталады, бос орындары туралы ақпарат БАҚ, халыққа қызмет көрсету орталығы, колледж сайты арқылы хабарланады, түйіндемелер қарастырылады. Жұмысқа қабылдау және міндеттерді тарату техникалық және кәсіптік білім ұйымының қызметкерлері лауазымының біліктілікті сипаттамасына сәйкес жүзеге асырылады. Колледж өз қызметкерлеріне жауап береді, оларға қолайлы жұмыс жағдайларын қамтамасыз етеді.

1118000 «Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары» мамандығының ББ бойынша оқытушылар қызметін 16 оқытушы жүргізеді, оның ішінде 4 адамның жоғары санаты бар және 6 адам бірінші санатты, оның ішінде 1 адамның магистр дәрежесі бар. Сапалы құрамы 62,5 % құрайды.

0902000 «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)» мамандығының ББ бойынша оқытушылар қызметін 8 оқытушы жүргізеді, оның ішінде 1 адамның жоғары санаты бар және 3 адам бірінші санатты. Бірінші және жоғары санатты арнайы пәндер оқытушыларының сапалы құрамы 50 % құрайды, бұл біліктілік талаптарына сәйкес.

0907000 «Жылу техникалық жылу жабдықтары және жылумен қамтамасыз ету жүйелері (түрлері бойынша)» мамандығының ББ бойынша оқытушылар саны 26, оның ішінде 1 адам магистр, жоғары санатты 10 адам, бірінші санатты 5 адам, сапалы құрам 57,6 % құрайды.

Оқыту сапасын арттыру, өндіріспен тығыз өзара байланысын қамтамасыз ету үшін оқу процесіне тиісті салаларда тәжірибесі бар мамандар тартылады. Оқытушылар Сарсембаев Б.М., Солонская Б.В., Шиндаветов А.С., Астапкина Т.С., Камелов Ж. колледжде педагогикалық жұмысқа өндірістен келген, оларды кәсібилік, іске шығармашылық көзқарас, жұмыста жоғары тиімділік сияқты қасиеттер сипаттайды.

Мысалы, Б.М. Сарсембаевтің жоғары техникалық білімі бар, Жітіқара ауданының «Милютинский» совхозының бас инженері болып жұмыс істеген. Солонская Б.В. өзінің еңбек қызметін «Теплосеть-Холдинг» ЖШС-ның өндірістік-техникалық бөлімінің инженері және жобалаушы болып бастады, содан кейін "МПО-монтаж" ЖШС ӨТБ бастығы қызметін атқарған. Шиндавлетов А.С. «Котельная №2» ҚЖЭК МКК электрослесарі және кезекші электромонтері болып жұмыс істеген, сондай-ақ «Костанайская ТЭЦ» ҚЖЭК МКК электрмен жабдықтауды жөндеу және қызмет көрсету 4 разрядты электромонтер, релелі қорғау және автоматика электромонтері, электртехникалық зертхананың инженері м.а., ТЭО басқармасы бас қалқанының кезекші электромонтері болып жұмыс істеген. Астапкова Т.С. «ПИП «Костанайводпроект» ЖШС жылутехнигі қызметін атқарған. Камелов Р.Ж. «Межрегионэнерготранзит» ЖШС Қостанай ЛПУ қосалқы станциясының Орталық тобында тарату желісінің 1000-ға дейін және одан жоғары электрмен жабдықтауды жөндеу слесарі болып жұмыс істеген.

2017 ж. 5 қыркүйектегі №467 Білім басқармасы бұйрығы негізінде колледжде 0902000 «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)», 1118000 «Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары», 0907000 «Жылу техникалық жабдық және жылумен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)» мамандықтары бойынша құзыреттілікті тәсілге негізделген модульді білім беру бағдарламаларын енгізу бойынша эксперименталды алаңша жұмыс істейді. Жұмыс бағдарламасы бойынша екі модуль апробацияланды. (Тураров А.Р. «Техникалық құжаттаманы әзірлеу, сызулар мен схемаларды рәсімдеу және құру», Бектасова А.А. «Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу») Модульді жұмыс бағдарламаларын, перспективті-тақырыптық жоспарлау педкеңесте, әдістемелік кеңесте талқыланды.

Internet желісінде әдістемелік сайттарда және порталдарда сабақтардың әзірлемелері, сыныптан тыс шаралар, тәжірибелік сабақтардың нұсқаулық карталары, жұмыс бағдарламалары, ғылыми мақалалары және т.б.

www.internet-konkursy.com әдістемелік порталында Агибалова М.Ю. 1 әдістемелік әзірлемесін жариялады. Infourok.net сайтында Орымбекова Г.Е. 3 әдістемелік әзірлемесін жариялады. «Интернет конкурсы» халықаралық білім беру жобасы сайтында А.А.Бектасованың әдістемелік әзірлемелері жарияланды.

2017-2018 оқу жылында Бектасова А.А. «Кәсіби қазақ тілі» оқу құралына ISBN алынды, ISBN алуға біреше әдістемелік өнімдер процедуралардан өтуде (Солонская Б.В., Сарсембаев Б.М., Агибалова М.Ю., Мамитанова Л.К., Каптел Г.М., Данченко Т.В.)

Кесте. Авторлық әзірлемелер

№	Атауы	ТжКБ қандай мамандығына әзірленген	ISBN нөмірі	Әзірлеуші автор туралы мәліметтер
1	Кәсіби қазақ тілі, Оқу құралы	0907000 «Жылу техникалық жылу жабдықтары және жылумен қамтамасыз ету жүйелері (түрлері бойынша)»	978-601-336-285-4	Бектасова А.А. Қазақ тілі мен әдебиет пәні оқытушысы
2	Қазандық қондырғылар	0907000 «Жылу техникалық жылу жабдықтары және жылумен қамтамасыз ету жүйелері (түрлері бойынша)»		Солонская Б.В.

3	Дәлдікті нормалару	1014000 «Машина құрылысының технологиясы»		Сарсембаев Б.М.
4	Математикалық статистика негіздері электронды оқу құралы		Ucoz сайтында	Агибалова М.Ю.

2017-2018 оқу жылы келесі әдістемелік өнімдер әзірленді:

Солонская Б.В. – «Жылумен жабдықтау жүйесінің қазандық қондырғысы» пәні бойынша курстық жобаны орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар;

Солонская Б.В. – «Жылумен жабдықтау жүйесінің қазандық қондырғысы», «Жылу техникасының теориялық негіздері», «Жылу техникалық өлшемдердің негіздері және жылу техникалық процестерді автоматтандыру» пәндері бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар;

Яковлева Н.М., Солонская Б.В. – 0907000 «Жылу техникалық жылу жабдықтары және жылумен қамтамасыз ету жүйелері (түрлері бойынша)», 1014000 «Машина құрылысының технологиясы(түрлері бойынша)», 1118000 «Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары» мамандықтары бойынша дипломдық жабалау бойынша әдістемелік нұсқаулар

Дәрібаева С.А. – «Алгоритмизация» пәні бойынша курстық жобаны орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар

Байжанова Г.К. – 0907000 «Жылу техникалық жылу жабдықтары және жылумен қамтамасыз ету жүйелері (түрлері бойынша)» мамандығы үшін курстық жұмыстың есептеу бөлігін орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар

Ворона Н.Б. – барлық мамандықтар үшін «Кәсіпорынның негізгі және айнымалы қорлары» бөлімі бойынша «Ұйым экономикасы» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар

Колледж оқытушылары мен студенттерінің жетістіктері туралы газет мақалалары «Учительская плюс» газетінде жарияланды: «Технично, эффективно, увлекательно», «10-шы аймақ Алға!», «Победы ждут Вас впереди!», «Бизнес ladies». Мақала авторлары Мамитанова Л.К, Тавтыбаева А.А., Яковлева Н.М., Бектасова А.А. Сондай-ақ «Білімді ел-образованная страна» газетінде С.Б.Жолдыбаеваның, А.А. Бектасованың мақалалары жарияланды.

«ҚИЭУ колледжі» ЖМ ПЦК арқылы 1 және 2 семестр қорытындысы бойынша әдістемелік кабинет арқылы оқытушылар рейтингін өткіз және анықтау инновацияларды қолдану және белсенді оқыту әдістерін пайдалану нәтижелілігі мен тиімділігі мониторингі жүзеге асырылады. Оқытушылар рейтингі нәтижелері колледждің педагогикалық кеңесінде тыңдалып талқыланады, онда тиісті шешімдер мен нәтижелердің жақсартуы бойынша нұсқаулар қабылданады.

Колледж оқытушылары кәсіби шеберлігі конкурстарына, аттесталатын оқытушылардың шығармашылық есептеріне, пәндік онкүндігін өткізуге, семинарларға, конференцияларға, педагогикалық оқуларға қатысады.

Коллежде біліктілікті арттыру, оқытушылардың құрамының кәсіби және жеке тұлғалы даму жүйесі қалыптасты. ПҚ біліктіліктерін арттыру (БА курстары, стажировкалар, семинарлар, алыс және жақын шет елдеріне іссапарлар) түрлерін кеңейту жақсы тәжірибе болып табылады. ПҚ біліктіліктерін арттыру шеңберінде түрлі оқыту формалары арқылы жаңа педагогикалық технологияларды енгізу: республикалық және облыстық біліктілікті арттыру курстары, семинарлар, ғылыми-теориялық және ғылыми-тәжірибелік конференциялар, ҚР және РФ ЖОО-дарымен бірлесіп өткізу.

Аккредиттелетін ББ педагогикалық ұжымның кәсіби-біліктілікті деңгейіндегі қажеттілігі білім алушыларды даярлау бағыттарымен, лицензиялық талаптарымен анықталады. Тиісті профилді кәсіби білімі бар аккредиттелетін ББ жүзеге асыру үшін аккредиттелетін ББ ерекшелігіне сәйкес тиісті біліктілік деңгейі бар. 0902000 «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)», 1118000 «Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары», 0907000 «Жылу техникалық жабдық және жылумен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)» мамандықтарының оқытушылары оқытылатын пәндеріне сәйкес білімдері бар.

Жалпы алғанда ББ барлық оқу кезеңіне толық біліктілікті оқытушылар құрамымен толықтырылды.

АРТА ССК сапары кезінде өткізілген ППҚ сауалнамасы мыналарды көрсетті:

- колледж оқыту процесінде педагогикалық ұжымды иновацияларды қолдануды қамтамасыз ету мүмкіндігі – «өте жақсы» -15%; «жақсы» - 77,5 %; «салыстырмалы нашар» - 2,5%; «нашар»- 2,5%; «өте нашар»-2,5%;
- оқытушылар білім беру бағдарламасының мазмұны қанағаттандырады - «өте жақсы» -10 %; «жақсы» -90 %;
- оқытушылардың басшылықпен кері байланыс деңгейі қанағаттандырады- «өте жақсы» -10%; «жақсы» - 75 %; «салыстырмалы нашар» - 12,5%; «нашар»- 2,5%;
- оқытуды ғылыми зерттеулермен біріктіру - «өте жақсы» -5%; «жақсы» - 60 %; «салыстырмалы нашар» - 30%; «нашар»- 5%;

Аналитикалық бөлім

«Педагогикалық ұжым және оқыту тиімділігі» стандарты бойынша жұмысты талдай келе, педагогикалық шеберліктің жоғары көрінісі біліктілікті арттырудың тұрақты дейгейімен және түрлі мектептердің және шығармашылық сабақтардың қатысуымен анықталатынын атап өтуге болады. Оқытушылар біліктілігінің жоғары көрсеткіштеріне қарамастан білім беру бағдарламаларының ерекшелігіне сәйкес келтіру үшін шет тілін оқыту жөніндегі жұмысты күшейту керек. ББ басшылығы педагогикалық ұжымды білім беру процесінде үнемі инновациялық технологияларды қолдануға ынталандыруы қажет.

0902000 «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)», 1118000 «Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары», 0907000 «Жылу техникалық жабдық және жылумен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)» мамандықтарының жеке алынған оқытушыларының біліктілігі мен жоғары біліктілігін атап өтуге болады. Олар жабдықты зерттеу әдістерінің тиімді қолданылуын көрсете алды, бұл кешенде материалды игеруде өте жақсы нәтиже береді. Өндірістегі мамандандырылған стажировкалар оқытушыларға қазіргі заманғы трендтер мен талаптарға сәйкес кәсіби дағдыларды жетілдіруде қосымша нұсқау бере алар еді, сондай-ақ штаттың жас құрамы үшін тәжірибелі оқытушылардың жүйелі семинарлар өткізуінің маңыздылығын атап өткен жөн.

Колледждің кадрлық құрамының жалпы жағдайын зерделеп, колледждің педагогикалық ұжымы жалпы педагогикалық қызметте жеткілікті тәжірибесі бар жоғары білікті оқытушылар мен мамандардан тұрады деген қорытынды жасауға болады.

ССК аталған стандарт бойынша оқу орнында келесі ұстанымдарға ерекше көңіл бөлінетінін атап өтті:

- педагогикалық ұжымның қоғам өміріне белсенді қатысуы;
- педагогтердің жоспарланған жүктеменің барлық түрлерін орындауын көрсету

Сонымен қатар, комиссия оқытушылардың оқу орнында тиімді жұмыс істеуі үшін назар аудару қажет. :

- педагогикалық ұжымның қанағаттану мониторингін қамтамасыз ету;
- педагогтар мен қызметкерлердің кәсіби және тұлғалық дамуын ынталандыру тетіктерімен жұмысты күшейту;
- педагогикалық ұжымды білім беру үрдісінде үнемі инновацияларды қолдануға ынталандыру

Комиссияның ұсыныстары

- педагогикалық ұжымның ІТ-құзыреттілігін, оқытудың инновациялық әдістері мен формаларын қолдану бойынша ББ басшылығының жұмысын жалғастыру;
- білім беру бағдарламалары сапасының деңгейін арттыру үшін практиктерді тарту және олардың оқытын арнайы пәндердің үлесін анықтау.
- мамандық профилі бойынша өндірістік кәсіпорындарда стажировкадан өту үшін арнайы пәндер оқытушыларының санын көбейту.
- оқытушылар мен қызметкерлерді жеке үлесі мен еңбек қызметінде қол жеткізген нәтижелері үшін ынталандыру

Критериялар бойынша ССК қорытындылары:

Комиссия аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилінде 2 мықты позиция, 6 қанағаттанарлық және 3 - жақсартуды болжайтын позициялар бар екенін атап өтті.

6.4. «Білім алушылар» стандарты

- ББ басшылығы білім беру бағдарламасының білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын және оның рәсімдерінің айқындығын көрсетуі керек.
- ББ басшылығы оқу нәтижелеріне сүйене отырып білім алушылардың негізгі рөлдерін (кәсіптік, әлеуметтік) жақсы ұғынуын көрсетуі керек.
- Оқыту үдерісі кезіндегі білім алушылардың өз саласында кәсіби мамандану (сертификация) мүмкіндігінің болуы маңызды фактор болып табылады .
- Оқыту үдерісі кезіндегі білім алушылардың өз саласында кәсіби мамандану (сертификация) мүмкіндігінің болуы маңызды фактор болып табылады.
- Дарынды білім алушыларды қолдайтын бағдарламалардың бар болуы маңызды фактор болып табылады .
- ББ басшылығы бітірушілерді жұмысқа орналастыруға және бітірушілермен байланыста болуға барынша күш салуы керек.
- Бітірушілердің кәсіптік қызметі мен жұмысқа орналасуының мониторингі маңызды фактор болып табылады.
- ББ басшылығы білім алушыларды негізгі бағдарламадан тыс (оқудан тыс қызмет) өзін-өзі оқытуға белсенді түрде ынталандыруы керек.
- ББ басшылығы білім алушылардың жалпы ТЖКБ ұйымының қызметімен және жекелеген қызмет түрлерімен қанағаттанушылығын мониторингтен өткізу тетігін жасауы тиіс.
- ББ басшылығы білім алушылардың білімдерін бағалау нәтижелері туралы мәліметтерді жедел ұсынуын қосқандағы кері байланыс жүйесінің жұмыс істеуін көрсетуі керек.

Дәлелдеу бөлігі

Білім алушылардың контингенті оқу орындарына талапкерлерді таңдау принципі бойынша, мамандықтар және профилі бойынша жұмыс берушілердің талаптарын, жұмысқа орналасу көрсеткіштерін ескере отырып құрылады.

Білім беру ұйымдарына қабылдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 130 Қаулысымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Контингентті қалыптастыру «ҚИнЭУ колледжі» ЖМ қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады және құрылымдық бөлімшелердің жұмыс жоспарына енгізіледі.

Білім алушылардың контингентін қалыптастыру саясаты колледжде оқуға дайындалған, кәсіптік бағдар беру жұмысы нәтижесінде «ҚИнЭУ колледжі» ЖМ мамандығын саналы түрде таңдаған тұлғаларды тарту болып табылады.

Колледжде оқуға қабылдау және жіберу ҚР Конституциясына, ҚР «Білім туралы» Заңына, ҚР басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, колледж жарғысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 130 қаулысымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Типтік ережелеріне», сондай-ақ жыл сайын колледж құрылтайшылары бекітетін «ҚИНЭУ колледжі» ЖМ оқуға қабылдау Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Колледжге қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады. Талапкерлерге қосымша талаптар қойылмайды. Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын үйлестіру, оқу орнына түсушілердің құжаттарын қабылдау және студенттер құрамына қабылдау процедуралары үшін қабылдау комиссиясы ұйымдастырылды.

Аталған мамандықтар бойынша білім алушылар контингенті: күндізгі және сырттай оқу нысандарымен маркетингтік саясат арқылы қалыптасады, республиканың барлық аймақтарынан қалалық және ауылдық мектептердің бітірушілерін тарту жүргізілуде.

Кесте: 2015-2018 ж. мамандықтар аясындағы контингент

Оқу жылы/ мамандық	2015-2016 оқу жылы	2016-2017 оқу жылы	2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы
0902000 «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)»	73/26	95/20	69/11	70
0907000 «Жылу техникалық жылу жабдықтары және жылумен қамтамасыз ету жүйелері (түрлері бойынша)»	76/3	95	92	45
1118000 «Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары»	88/	94/	93	96

Білім алушыларды білім беру ортасына барынша табысты бейімдеу және колледждің студенттік ұжымына тарту үшін өзін-өзі басқару бойынша Студенттер кеңесі жұмыс істейді, ол салмақты үлес қосады, білім алушыларды қоғамдық жұмысқа тартады, спорттық секцияларға, үйірмелерге қызығушылығын дамытады, тренингтер, танымдық ойындар, конференциялар, дебаттар өткізеді.

Студенттерді өз мамандықтарымен таныстыру кезең-кезеңмен өтеді. 1 курста білім алушылар «Менің болашақ мамандығым» атты бейнероликтер немесе презентациялар жасайды. 4 курста бітірушілермен және болашақ жұмыс берушілермен кездесулер өткізіледі.

Дәстүрлі түрде колледжде кәсіби бағдар беру іс-шаралары өткізіледі: пәндік олимпиадалар, ПЦК апталығы, кәсіби шеберлік конкурстары, дөңгелек үстелдер, шебер-кластар, мектеп оқушыларымен және олардың ата-аналарымен болашақ мамандық таңдау және оқу орнын таңдау бойынша кездесулер.

Дарынды оқушылардың интеллектуалдық және физикалық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін әртүрлі конкурстарға, олимпиадаларға, ғылыми конференцияларға, жарыстарға (колледжішілік, облыстық, республикалық, халықаралық) қатысуы.

Кәсіптік дайындық мәртебесін арттыру және жұмысшы мамандықтарын насихаттау мақсатында колледж базасында 2015-2016 оқу жылында "Электромонтаж жұмыстары" құзыреттілігі бойынша "WorldSkills-2015" ұлттық халықаралық қозғалыс чемпионатының Аймақтық конкурсы өткізілді. Студенттер ҚР Кіші Ғылым академиясы студенттерінің республикалық ғылыми жобалар байқауына қатысады.

2 курс студенті Серазиев Тимур мамандығы 0902000 «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)» «Энергияны сақтайтын шамдардың жағымсыз жақтарын бағалау» тақыбыры бойынша 3 орынға ие болды, конференция материалдары жинағында жарияланды. Студенттік ғылыми-тәжірибелік конференцияда «Жарықтандыруда энергияны сақтайтын технологиялар» Н.Н. Яковлеваның жетекшілігімен Серазиев Тимур

катысты, оның жұмысы 2 дәрежелі дипломға ие болды және «Наука» ғылыми-әдістемелік журналының арнайы шығарылымында жарияланды.

Студенттердің сабақтан тыс айналысатын әс –әрекеттері:

- Дебатты клуб
- КВН мектебі
- Хореография (би)
- Вокал
- Әскери-патриоттық клуб

Спорттық секциялар: жеңіл атлетика, үстел тенісі, баскетбол, мини футбол, волейбол, шахматтар(шашкалар), тоғыз-құмалақ, йога, тренажер залы және т.б.

Тандалған тәжірибе базаларының мамандануы мамандық профиліне сәйкес келеді. Студенттердің өндірістік тәжірибеден өту үшін колледжде тиісті база бар.

Базалық ұйымдар тиісті тәжірибенің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес таңдап алынған, нормативтік талаптарға, қауіпсіздік ережелері мен санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес жеткілікті материалдық-техникалық жарақтандырылуы бар.

Атап айтқанда, «Қостанай Жылу энергетикалық компаниясы» МКК, «СарыарқаАвтоПром» ЖШС, «ТеплоСила» ЖШС, «Қостанай – Су» МКК, «АгромашХолдинг» АҚ Қостанай филиалы, «Дормаш» ЖШС сияқты ірі кәсіпорындармен өндірістік тәжірибеден өту бойынша келісім-шарттар жасалды.

Тәжірибе орындарын жоспарлау және шарттар жасау мамандықтарға, кәсіпорынның спецификасына және практика түріне қарай жүргізіледі (мысалы, жұмыс мамандығын алуға, технологиялық тәжірибе немесе өндірістік тәжірибе). Ол үшін кәсіпорынмен шарт жасалады, ол кәсіпорынның күнтізбелік кестесімен келісіледі. Шартта білім алушылардың тегі мен аты көрсетілген қандай да бір кәсіпорынға тіркелген білім алушылардың саны айтылады.

Кәсіби тәжірибені өтуін бақылауды жүзеге асырумен, оны ұйымдастыру сапасын бақылаумен тікелей тәжірибе жетекшісі және директордың өндірістік тәжірибе жөніндегі орынбасары айналысады. Тәжірибе жетекшісі білім алушыларға бекітілген кәсіпорынға барады, тәжірибеге қатысу есебін жүргізеді және кәсіпорыннан тәжірибеге жауапты адамдармен бірге қызмет жасайды.

Кәсіптік практиканы жоспарлау және өткізу мехаанизмі оқу процесінің жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған кестесі негізінде жүргізіледі, онда тәжірибенің барлық түрлері мен оларды өткізу мерзімдері көрсетілген.

Оқу, технологиялық және өндірістік тәжірибелері туралы бұйрықты колледж басшысының қолы қойылған өндірістік тәжірибе жөніндегі басшының орынбасары жасайды.

Колледж әкімшілігі мен педагогикалық ұжым бітірушілерді жұмысқа орналастыруға белсенді ықпал етеді, олардың кәсіби қызметіне және мансаптық өсуіне және еңбек нарығында ілгерілеуіне мониторинг жүргізеді.

Білім беру бағдарламалары тиімділігінің маңызды өлшемі бітірушілерді жұмысқа орналастыру болып табылады. Кәсіби тәжірибе барысында тәжірибе базасы болып табылатын мекеме басшыларымен тәжірибе барысында өзін жақсы көрсеткен білім алушыларды одан әрі жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері туралы талқыланады.

Аккредиттелетін мамандықтардың бітірушілерін жұмысқа орналастыру жөніндегі деректер (күндізгі бөлім)

Мамандықтардың атауы	2015-2016			2016-2017			2017-2018		
	Бітірушілердің саны	жұмысқа орналастырылды	%	Бітірушілердің саны	жұмысқа орналастырылды	%	Бітірушілердің саны	жұмысқа орналастырылды	%

0902000 «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)»	-	-	-	22	10	45%	21	10	48%	
0907000 «Жылу техникалық жылу жабдықтары және жылумен қамтамасыз ету жүйелері (түрлері бойынша)»	-	-	-	24	9	38%	19	8	42%	
1118000 «Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары»	16	12	75%	23	12	52%	20	17	69%	
Барлығы	16	12	75%	69	31	45%	60	35	53%	

2015-2018 жылдардың бітірушілердің жалпы санынан

2015-2019 Күндізгі бөлімнің 0902000 «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)» мамандығы бойынша (43 адам):

- жұмысқа орналастырылды (20 адам) (47 %),
- ЖОО-нда оқиды - 6 адам (14%),
- ҚР Қарулы Күштеріне шақырылғандар – 14 адам (33%),
- декреттік демалыс - 1 адам (2%),
- жұмысқа орналасуға жатады – 2 адам (4%).

Күндізгі бөлімнің 0907000 «Жылу техникалық жылу жабдықтары және жылумен қамтамасыз ету жүйелері (түрлері бойынша)» (43 адам):

- жұмысқа орналастырылды (17 адам) (40 %),
- ЖОО-нда оқиды - 18 адам (42%),
- ҚР Қарулы Күштеріне шақырылғандар - 5 адам (12%),
- жұмысқа орналасуға жатады – 3 адам (6%).

Күндізгі бөлімнің 1118000 «Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары» (59 адам):

- жұмысқа орналастырылды (41 адам) (69 %),
- ЖОО-нда оқиды - 9 адам (15%),
- ҚР Қарулы Күштеріне шақырылғандар - 6 адам (10%),
- декреттік демалыс - 1 адам (2%),
- ҚР-сынан кетті - 1 адам (2%)
- жұмысқа орналасуға жатады – 1 адам (2%).

Бітірушілердің жалпы санынан 2 кластер (145 адам) 78 адам жұмысқа орналастырылды(53%), ЖОО-нда оқиды- 33 адам (22%), ҚР Қарулы Күштеріне шақырылғандар - 25 адам (18%), декреттік демалыс - 2 адам (2%), ҚР-сынан кетті - 1 адам (2%) жұмысқа орналасуға жатады – 6 адам (4%).

«ҚИНЭУ колледжі» ЖМ бітірушілерінің жұмысқа орналасуы мен кәсіби қызметіне мониторинг жүргізу маңызды фактор болып табылады.

АРТА ССК сапары кезінде өткізілген білім алушылардың сауалнамасы мыналарды көрсетті:

- 82,6% компьютерлік сыныптар мен интернет ресурстардың қолжетімділігіне қанағаттанады;
- 88,4% емтихан мен аттестацияның әділдігіне қанағаттанады;
- 84,1% оқу процесіне қатысты оқытушылардан кері байланысқа жылдам әрекет ету толығымен қанағаттанады;

- 85,4% жеке мәселелер бойынша кеңес алуға қолжетімділігімен қанағаттанады;
- 75,4% жалпы білім беру ұйымдары веб-сайтының пайдалылығы.

Аналитикалық бөлік

«Білім алушылар» стандарты бойынша, нәтижесі сапалы ББ және кәсіби білікті маман даярлаудың жұмыспен қамту болып табылады. Талдау нәтижелері бойынша «ҚИНЭУ колледжі» ЖМ жұмысқа орналасу пайызы абсолютті деп айтуға болады. Жалпы білім алушылармен жұмыс жақсы тәрбиелік, әдістемелік және тәжірибелік деңгейде жүргізіледі. Комиссия оқу орнының қызметінде оң факторлар байқалатынын атап өтті. Сонымен қатар, комиссия мүшелері колледжде дарынды оқушыларды қолдау жүйесі жоқ екенін атап өтті.

ССК бұл стандарт бойынша оқу орнында келесі ұстанымдарға ерекше көңіл бөлінетінін атап өтеді:

- білім алушылардың контингентін қалыптастыру саясаты және оның процедураларының ашықтығы;
- бітірушілердің жұмысқа орналасуының және кәсіби қызметінің мониторингі
- пікір алмасу және білдіру мүмкіндігі

Сонымен қатар, комиссия оқу орнында тиімді жұмыс істеу үшін мыналарға назар аудару қажет:

- бітірушілермен байланысты қолдауға барынша көп күш салу;
- оқу нәтижелерін бағалау нәтижелері туралы ақпаратты жедел ұсынуды қамтитын кері байланыс жүйесінің жұмыс істеуін жалғастыру.

Комиссияның ұсыныстары

Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша колледждің қызметін әрі қарай даму және жетілдіру мақсатында АРТА ССК ұсыныс береді:

- бітірушілермен байланыс орнату;
- студенттердің ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыру;
- білім алушыларды негізгі бағдарламадан тыс өздігінен білім алуға ынталандыру (оқудан тыс қызмет шеңберінде));
- дарынды оқушыларды қолдау;
- бағалау нәтижелері туралы кері байланыс жасау.

Комиссия атап өткендей, осы стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилінде 2 мықты, 7 қанағаттанарлық, 1 жақсартуды талап етеді.

6.5.«Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын ресурстар» стандарты

- ББ басшылығы білім алушылар үшін оқытылатын пәндер бойынша жіктелген, ұйымдастырылған ақпараттың барынша мүмкін мөлшерінің қолжетімдігін, соның ішінде презентация материалдары, дәрістердің конспектісі, міндетті және қосымша әдебиеттерді, практикалық тапсырмаларды және т.б. қамтамасыз етуі қажет.
- Оқу бағдарламаларын меңгеру мақсатында қолданылатын оқу жабдықтары мен бағдарламалық құралдары тиісті салада қолданылатын жабдықтарға ұқсас болып, пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптарына жауап беруі тиіс.
- ТжКБ ұйымы білім алушылардың базалық және кәсіптік құзіреттілігін қалыптастыратын және жеке қажеттіліктер мен мүмкіндіктерін ескеретін оқу ортасын жасайды.
